

Корытындылай келе, білім алушының тұлғасын дамыту білім берудің негізгі мақсаты мен негізгі нәтижесін білдіретін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметке даярлық факторы ретінде қарастырылуы керек деп есептеймін.

Әдебиеттер:

1. Mayer J.D. Perceiving affective content in ambiguous visual stimuli: a component of emotional intelligence / Journal of Personality Assessment. – 1990. – Vol. 54, № 3, 4. – P. 772–781.
2. Mayer J.D. Emotion intelligence: theory, findings, and implication / J.D. Mayer, P. Salovey, D.R. Caruso // Psychol. Inq. 2004. – Vol. 15, № 3. – P. 197-215.
3. Bar-On R. Emotional Intelligence Inventory (EQ-I): Technical Manual. – Toronto, Canada: Multi-Health Systems, 1997.
4. Гоулман Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Д. Гоулман, Р. Бояцис, Э. Макки; пер. с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2005. – стр. 301.
5. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ / Д. Гоулман. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2017. – стр. 544.
6. Шингаев С.М. Возможности внутрифирменного обучения в развитии эмоционального интеллекта педагогов// <https://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhnosti-vnutrifirmennogo-obucheniya-v-razviti-emosionalnogo-intellekta-pedagogov>
7. Шингаев С. М. Эмоциональный интеллект: содержание понятия, проблемы, пути решения / С. М. Шингаев, И. К. Симагина, И. В. Нырова // Перспективы психолого-педагогической работы в современном образовательном учреждении: сборник материалов III Международной научно-практической конференции и образовательного семинара (К 100-летию Санкт-Петербургского государственного института культуры). – СПб.: НИЦ АРТ, 2018. – стр. 98-102.
8. Lavy S., Eshet R. Spiral effects of teachers' emotions and emotion regulation strategies: Evidence from a daily diary study // Teaching and Teacher Education: An International Journal of Research and Studies. 2019. Vol. 73. № 1. P. 151-161.
9. Джеймс Бьюдженталь. Наука быть живым. Диалоги между терапевтом и пациентами в гуманистической терапии. – М., Класс, 2005 ж., Стр. 420.

**Жабағина Ж.Т.**

**«№66 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.**

**Темиржанова Р.К.**

**«Ақтерек ауылының Ахмет Байтұрсынов атындағы №26 негізгі орта мектебі» КММ**

## **ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ**

Аннотация. Мақалада модульдік оқыту технологияларын тиімді пайдалану мәселесі қарастырылды. Модульдік оқыту кезеңдеріне түсінік беріле отырып, «модуль» ұғымының мәні ашылды, оның тиімділігі анықталды. Әдебиеттік оқу пәнінде модульдік оқыту технологиясын тиімді пайдалану жолдары ашылды.

Кілт сөздер: технология, модуль, модульдік технология, оқу модулі.

Әлемдік педагогиканың даму процесіндегі «технология» түсінігінің қалыптасу тарихы өз алдына үлкен дүние. Оқытуға технологияны енгізудің қажеттілігі. Білім беру саласында дидактиканың білім және оқытуда алатын орны – «Неге үйрету керек?» және «Қалай үйрету керек?» деген сұрақтарға жан- жақты жауап беретін ғылым ретінде қарастырылуында.

Бүгінгі білім тәжірибесі – дидактиканың алдына жаңа, ғылыми тұрғыда шешімін табуға тиіс мәселелер қойып отыр. Мұндай мәселелердің бірі болып мынадай мәселелер көтерілген: «Білім беру саласында қажетті көрсеткіштерге қалай жетуге болады?». Бұл сұраққа дидактика оқыту технологиясымен (педагогикалық технология) бірлесіп және оның көмегімен жауап береді.

Мектептің педагогикалық ұжымдары оқытуға деген технологиялық тәсілді меңгеру жолын таңдады. Тәжірибеге профессор П.И. Третьяков құрастырған оқу-тәрбиелік үдерісті ұйымдастырудың модульдік жүйесі нәтижелі енгізіліп келеді.

Оқу үдерісін ұйымдастыруды мұндай терең, берік қайта құрудың мағынасы мен мәні қандай, ол оқушы мен ұстазға не береді?

Біріншіден, көппәнділік, сабақтардың төмен жиілігі мен тұрақсыздығын болғызбай, балаларды шектен тыс жүктелуден сақтайды.

Екіншіден, жеке тұлғалық-бағытталған оқытуды жүзеге асыру.

Үшіншіден, тәжірибеге жүйелік-әрекеттік тәсілді енгізе отырып, білім берудің тиімсіз тәсілдерін болғызбау. Және, сонында, білім беру нәтижелерін кепілдендіретін және төмен білікті педагогтардың жұмыстарының теріс салдарын бәсеңдететін ұстаз оқушылардың өзара әрекеттесу процедураларының, амалдарының, түрлерінің технологиялық тізбегін жобалауды себептеу [1].

Белгілі ресей педагогы мен ойшылы В.В. Розанов оқытуды ұйымдастыру жүйесін белгілі бір «үлгімен» салыстырған болатын, оған сәйкес мектеп оқушыны үздіксіз және зорлап әлсіздендіреді [2]. Күніне бес сабақ, бес түрлі пән және ертеңге сабақ дайындаған кезде де сонша. Күніне бір-бірімен байланыспаған он түрлі қызығушылық. Дәстүрлі білім беру тиімділігінің аздығының ашылмаған тамыры, міне, осында жатыр.

Модульдік оқыту технологиясы – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Ал «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады.

Модуль – оқу мазмұны мен технологияны біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланыстырушы.

Модульдік оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білімін, ұғымталдығын, ақыл-ойын өрістетуге, ізденіске жетелейді. Өзгеше ой сараптауға үйретеді, алған білімін қолдана білуге дағдыландырады. Сонымен бірге, ұйымдастыру іс-әрекетіне, уақытты тиімді пайдалана білуге де қалыптастыратыны сөзсіз, яғни оқушылардың ынтасы, қызығушылықтары артады.

Оқушы тек білім алуға ғана емес, ұжымдағы қарым-қатынасқа да қалыптасады. Бірін-бірі сыйлау, тыңдау, өзіндік шығармашылық жұмыс істеу қабілеті дамиды (талдау, салыстыру, жүйелеу, жинақтау). Осылайша оқушы білім, білік, дағдыларын меңгере отырып, таным процестерін (ойлау, қиял) дамытып, эмоция, сезім, ерік, жігер тәрізді жан құбылыстарын қалыптастырады.

«Әдебиеттік оқу» - бастауыш мектептегі негізгі де маңызды пән. «Әдебиеттік оқу» пәні арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, моральды, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеуге дағдыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. Бұған қоса тілді оқып-үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіреді.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты. Оқушылардың әдеби сауатын ашу негізінде рухани байыту, оқушыны көркем шығарманың мазмұнын түсінуге жетелеу, оқу дағдыларын және оқырмандық біліктілігін қалыптастыру, әдеби-эстетикалық талғамын жетілдіре отырып, ізгілікті-елжанды дара тұлға тәрбиелеу.

Модульдік оқыту теориясының басты ұғымы модуль ұғымы болып табылады.

Модуль - бір ғана оқу пәнінің шеңберіндегі ұйымдастыру - әдістемелік құрылымның бірлігі [3].

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады [4].

Кіріспеден мұғалім балалармен оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы модульдің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) өсу бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр балаға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, тілін дамытады.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші - операциялық-танымдық кезеңін іске асыру болып табылады.

Бұл бөлімді қарастыру үшін біз Л.Фридманның төмендегідей ережелеріне негізделген тұжырымдамасына сүйенейік:

1. Бала жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызмет жүйесі ретінде қаралады. Олар баланың қисынды ойлауын, қабілеттерін көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылық және т.б. дамытуға, яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқытуды басқарудың психологиялық сенімді түрі - ең алдымен баланың қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.

3. Басқару икемді болуы тиіс. Балалардың іштей өсуі жүргенде ғана білім дәрежесінің артылуына мүмкіндік болады.

4. Балалар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару тұлғалыққа бағытталған болуы тиіс.

5. Оқу процесін басқару балалардың ішкі қуатына және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімін даярлағанда мұғалім оқу материалының негізгі мазмұнын бөліп, құрастырады.

Мұнда балалар оқу материалына қайта оралып, пысықтап, бекітуі үшін оның әр сабақта жеке бөліктермен берілетіні есепке алу керек, бұл бөліктерде қызқаша сыйымды түрде тұтас тараудың мазмұны беріледі.

Пысықтауды қажет ететін материалды мұғалім үш күрделілік деңгейінде дайындайды. Үш деңгейдің қайсысын тандайтынын әр оқушының өзі шешеді. Бұның бір маңызы - күрделі, ізденушілік, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды кез келген күрделілік деңгейіндегі бағдарламалық материал тапсырмаларын орындаған балаға, яғни іс жүзінде бәріне де беруге болады.

Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда мұғалім балалардың өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл аударады.

Мұғалімнің сөйлесу бөлімін дайындаудағы бес әрекет - қадамнан тұратын даярлық құрылымы қалыптасады:

- Модульдің сөйлесу бөліміндегі материалдың негізгі мазмұнын белгілеу.

- Оқу материалын біртұтас, өсу бағытымен беру.

- Тақырып бойынша білім стандартының талаптарын қамтамасыз ететін деңгейдегі тапсырмалар дайындау.

- Өзара сөйлесуді қамтамасыз ету.

- Оқушылардың пәнге қызығушылығын және креативтігін дамытуға арналған шығармашылық сипаттағы материал дайындау.

Осыған орай оқу процесі «модульдік» сипат алып, құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады. Қайта жаңғыртатын оқу циклі ретінде оқу модулі үш құрылымдық бөлімнен тұрады: кіріспе, сөйлесу бөлімі және қорытынды:

- Кіріспе бөлім (модульге, тақырыпқа енгізу).

- Сөйлесу бөлімі (оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру).

- Қорытынды бөлім (бақылау).

Оқу модулін құрудың тағы бір ерекшелігі - мұғалімнің даярлық жүйесі. Мұғалім бір оқу модуліне бөлінетін сағат санын анықтап алғаннан соң, оның мақсатын, мазмұнын және нәтижелерін, сондай-ақ осы модуль сабақтарын ұйымдастырудың формасын ойластырып, оқу модулін құрайды.

Модульдің мазмұны оқу процесінде төмендегідей бірнеше блокқа жіктеледі:

Модульге кіру блогы. Мұндағы мақсат оқушылардың тақырыпқа қатысты бұрынғы білетіндерін толықтыру, еске түсіру, білім деңгейін тексеру, қайталау сұрақтары гипермәтінге сәйкес беріледі.

Проблемалық блокта оқушыларды ойландыратын, іздендіретін құзыреттілік түріндегі сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.

Тереңдету блогында оқушыларға ұсынылған ақпараттық мәліметтер, жазба жұмыстары, әдеби-теориялық ұғымдар тереңдетіп талдауды қажет етеді, ізденушілік бағыт басым болады. Қорыту, бекіту блогы. Мұғалім оқушылардың әр алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алуына бақылау жасайды.

Тексеру блогы. Мұнда берілетін тапсырмалар білім, білік, дағдылардың мақсатқа сай орындалуын, оқушылардың оқу жетістігінің нәтижелілігін тексереді.

Сөйтіп, берілетін білім мазмұнының модульға топтасуы оқушылардың білімін, мазмұндық интеграцияны нығайтуда ұтымдылық байқатады. Модульдік оқытуда оқушылардың оқу материалын тұтас, жүйелі ұғынуына жағдай туады, ақпараттық білімдік орта құру арқылы модульден мәтінге, тапсырмалар мен тестерге өтуге болады. Модульге ену оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу, оны өз іс-әрекеттерінде пайдалана алу біліктіліктері мен құзыреттіліктерін жетілдіреді.

Әдебиеттер:

1. Зеер Э.Ф. Профессионально-образовательное пространство личности. – Екатеринбург: Рос. гос. проф. пед. ун-т; Нижнетагил. гос. проф. колледж им. Н.А. Демидова. – 2002. – 126 б.
2. Епишева О.Б., Основные параметры педагогической технологии// педагогические технологии. – 2018. №2, С. 15
3. Қайырбекова А. Жаңа модульдік технология бойынша тіл үйрету мәселелері //Ұлағат.- 2020.- №3, Б.8-9.
4. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика.-Алматы, 2000.- 240 б.

**Жаканова Р.**

**Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

### **АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аннотация. Қоғамның қазіргі даму жағдайында Абай шығармалары арқылы бастауыш мектеп оқушыларының оқырмандық қызығушылықтарын қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру пән сабақтары арқылы жүзеге асыру туралы баяндалған. Кітаптарды мұқият оқып шығу, кітаптарға ой жүгірту – бұл адамның сезімдері мен қасиеттерін дамыту мен жетілдірудің сөзсіз, жалпыға бірдей танылған құрал.

Кілт сөздер: Абай шығармалары, оқырманның қызығушылық, бастауыш мектеп оқушысы, бастауыш сынып оқушысының жеке басы, оқу дағдыларын қалыптастыру.

Қазір балалар оқуы SOS (оның дағдарысы ұлттық апатпен теңестірілген) деп айқайлап жатқанда, бастауыш сынып мұғалімі бұрын-соңды болмағандай, оқудың құндылығын қорғау, баланың санасында оның мәртебесін көтеру, оған деген талғамын ояту және мектеп оқушыларының осы қызмет түріне деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру міндеті тұр [1, 19-бет].

Шынында да, ол мұғалім, көбінесе оқушылардың оқу қызығушылықтарының, соның ішінде кітапқа деген қызығушылықтың қалыптасуын кәсіби түрде қамтамасыз ете алатын де теймен қоршалған жалғыз адам. Балалардың оқуын қорғау дегеніміз-әдебиетті бір уақытта сақтау, өйткені ол қаншалықты бай, керемет болса да, егер ол оқылмаса, шығармашылық күшін жоғалтады, мағынасын жоғалтады [2].

Баланың жеке басы ол оқыған кітаптардың әсерінен де қалыптасады, өйткені бұл әдебиет трансформатордың рөлін бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауыстырады. Оқу-бұл еңбекқорлықты, ақыл мен жүректің жұмысын қажет ететін адам мен кітап арасындағы диалогтың бір түрі. Кітаптар адамды жақсартады және бұл әдебиеттің негізгі мақсаттарының бірі. Сондықтан оқу сабақтарының міндеті-кішкентай оқушыдан "талантты оқырман" тәрбиелеу.

Баланың оқуға деген қызығушылығын, көркем әдебиетті оқуға деген құштарлығын қалай оятуға, сөздік қорын байытуға, сөйлеу мәдениетін дамытуға болады?

Бұл мәселемен көптеген отандық ғалымдар, психологтар, әдіскерлер жұмыс істеді және жұмыс істейді.

Қалыптастырушы эксперименттің мазмұны 2-сыныпта өткізілген әр түрлі ертегілерді оқу сабақтарының қысқаша мазмұнымен ұсынылған. Сабақтарға балаларға зерттелетін ертегіге байланысты басқа әдеби шығармаларды оқуға арналған арнайы әзірленген тапсырмалар енгізілді.

Сонымен қатар, оқудан бұрын балалардың алдына қойылған проблемалық жағдайлар мұғалімнің басқа әдеби шығармалардың материалдарын пайдалануына негізделген.

Бұл мақсатқа жету оқытудың бастапқы кезеңінде оқу процесін арнайы ұйымдастырудың арқасында жүзеге асырылады. Осы зерттеу аясында біз бастауыш мектепте әдеби оқу сабақтарында өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесін шешуді қарастырамыз.

Оқушылардың оқу қызығушылықтарын қалыптастыруды шешу, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу тәсілдерін және оны түсіндіру тәсілдерін меңгеру, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету мәселелері ерекше өзекті болып табылады.

Бастауыш мектептегі әдеби оқу сабақтарының негізгі мақсаты - "бастауыш сынып оқушыларының білім беру жүйесіндегі негіз ретінде саналы, дұрыс, еркін және мәнерлі оқу дағдыларын игеру, оқу ой-өрісін қалыптастыру және Тәуелсіз оқу іс-әрекетінің тәжірибесін жинақтау, оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін жетілдіру".